

**«Kazakhstan Bar Association»
Заң консультанттары палатасы
Мүшелерінің Жалпы жиналысының
2019 жылғы 2 тамыздағы шешімімен
«БЕКІТІЛДІ»**



**«KAZAKHSTAN BAR ASSOCIATION» ЗАҢ КОНСУЛЬТАНТТАРЫ ПАЛАТАСЫ
МҮШЕЛЕРІНІҢ ҚОСЫМША МҮЛІКТІК ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ**

1. «Kazakhstan Bar Association» Заң консультанттары палатасы мүшелерінің қосымша мүліктік жауапкершілігі туралы ереже (бұдан әрі - Ереже) «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» 2018 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының, «Kazakhstan Bar Association» Заң консультанттары палатасы (бұдан әрі - Палата) Жарғысының талаптарына сәйкес әзірленді.
2. Ереже Палата мүшелерінің мүліктік жауапкершілігі мәселелерін реттейді, ол шартқа сәйкес заң көмегі көрсетілетін үшінші тұлғаларға заң консультанттарының қызметі нәтижесінде зиян келтірілген жағдайда туындауы мүмкін.
3. Палатаның мүшелері «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» 2018 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 77-бабына сәйкес шарт бойынша заң көмегі көрсетілетін үшінші тұлғаларға зиян келтірілген жағдайда туындауы мүмкін болатын өзінің мүліктік (азаматтық) жауапкершілігін сақтандыруға міндетті. Палатаның мүшесі заңды тұлғамен еңбек қатынастарында тұрған жағдайда заң консультантының мүліктік (азаматтық) жауапкершілігін сақтандыру міндеті осы заңды тұлғаға жүктеледі.
4. Палатаның мүшелері болып табылатын заң консультанттарында үшінші тұлғаларға заң көмегін көрсету қызметін жүзеге асыру кезінде заң консультанттарының кәсіби жауапкершілігін сақтандырудың қолданыстағы шарты (бұдан әрі – Сақтандыру шарты) болуға тиіс. Палатаның мүшесі заңды тұлғамен еңбек қатынастарында болған жағдайда, заң консультантының мүліктік (азаматтық) жауапкершілігін сақтандыру міндеті осы заңды тұлғаға жүктеледі. Сақтандыру шартының болмауы Палата бекіткен Заң көмегін көрсету стандарттарын өрескел бұзушылық болып табылады және Палатаның белгілеген тәртіптік ықпал ету шараларын қолдануына негіз болады.
5. Сақтандыру шарты Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген талаптарға сай болуға тиіс. Осы орайда Палатаның мүшесі немесе заңды тұлға Сақтандырушыны (сақтандыру ұйымы ретінде тіркелген және сақтандыру қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар заңды тұлғаны) өзінің ұйғаруы бойынша таңдайды.
6. Заң консультантының кәсіптік жауапкершілігін сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасы оның талаптарымен айқындалады және республикалық маңызы бар қала, астана аумағында қызметін жүзеге асыратын заң консультанттары үшін – заң консультантының кәсіптік жауапкершілігін сақтандыру шарты жасалған күні тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің кемінде мың еселенген мөлшерінде, басқа заң консультанттары үшін – кемінде бес жүз еселенген мөлшерінде болуға тиіс.
7. Сақтандырушымен Сақтандыру шартын жасасқан заң консультанты Сақтандыру шартының көшірмесін ол жасалған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Палатаға жіберуге міндетті.
8. Палата мүшелерінің жауапкершілігін сақтандыруын бақылауды Палата мүшелерінің қызметін Қазақстан Республикасының адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы заңнамасының талаптарын, «Kazakhstan Bar Association» Заң консультанттары палатасының заң көмегін көрсету стандарттарын, Кәсіби өдеп кодексі мен кәсіби мінез-құлық қағидаларын сақтауы тұрғысында бақылау жөніндегі комиссия жүзеге асырады.
9. Осы Ереже Палата мүшелерінің Жалпы жиналысы бекіткеннен кейін, бірақ 2020 жылғы 01 қаңтардан ерте болмайтын мерзімде күшіне енеді.